

№ 4 (33) 2016

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
ФИНАНСОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
FINANCIAL-ECONOMIC JOURNAL

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ

МЕМЛЕКЕТТІК
Аудит



16 желтоқсан

*Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздік күні*

Немір тақырыбы:

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Жоғары қаржылық бақылау (аудит) органдарымен өзара іс-қимыл жасау кезінде Есеп комитетінің әдіснамалық ролі туралы

Тема номера:

О методологической роли Счетного комитета при взаимодействии с высшими органами финансового контроля (аудита) государств-участников СНГ

ОСЫ НӨМІРДЕ:

ЖАҢАЛЫҚТАР	3
К.Ф. ПЛОТНИКОВ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Жоғары қаржылық бақылау (аудит) органдарымен өзара іс-қимыл жасау кезінде Есеп комитетінің әдіснамалық рөлі туралы	20
С.Н. НӨГЕРБЕКОВ Халық денсаулығын жақсарту бойынша іс-шараларға бөлінген бюджет қаражатын пайдаланудың негізгі проблемалары	29
А.В. ГОРЯИНОВ Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының тексеру комиссияларының қызметін талдау	35
А.М. МҰХАМЕТКӘРІМ Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сараптама жүйесі: талдау және проблемалар	46
А.Б. ЗЕЙНЕЛҒАБДИН Б.А. ӘЛІБЕКОВА Республикада мемлекеттік аудит жүйесін құру мәселелері	60
Ә.М. ҚАРИ Ғ.А. ҚҰЛМҰРЗИНОВА Ғылымды дамытуға бағытталған бюджет қаражатына тиімділік аудитін жүргізу ерекшеліктері	66
Е.А. ӘУБӘКІРОВ С.А. ЖАМЫШЕВА Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышын жетілдіру мәселелері	78
Қ.А. МОЛДАБАЕВ Г.С. ОРДАБАЕВА Салық түсімдерінің сәйкестігіне мемлекеттік аудит жүргізу әдіснамасына кейбір ұсынымдар	86

ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ:

НОВОСТИ	3
ПЛОТНИКОВ К.Ф. О методологической роли Счетного комитета при взаимодействии с высшими органами финансового контроля (аудита) государств-участников СНГ	23
PLOTNIKOV K.F. On methodological role of the Accounts Committee under arrangements with Supreme Audit Institutions of CIS member-states	26
НУГЕРБЕКОВ С.Н. Основные проблемы использования бюджетных средств, выделенных на мероприятия по улучшению здоровья населения	32
ГОРЯИНОВ А.В. Анализ деятельности ревизионных комиссий областей, городов Астана, Алматы	41
МУХАМЕТКАРИМ А.М. Система государственной экспертизы в Республике Казахстан: анализ и проблемы	53
ЗЕЙНЕЛЬГАБДИН А.Б. АЛИБЕКОВА Б.А. Вопросы создания системы государственного аудита в республике	63
КАРИ А.М. КУЛМҰРЗИНОВА Г.А. Особенности проведения аудита эффективности бюджетных средств, направленных на развитие науки	72
АУБАКИРОВ Е.А. ЖАМЫШЕВА С.А. Вопросы совершенствования классификатора нарушений, выявляемых на объектах государственного аудита и финансового контроля	82
МОЛДАБАЕВ К.А. ОРДАБАЕВА Г.С. Некоторые предложения к методологии государственного аудита соответствия налоговых поступлений	90

14.12.2016

Есеп комитетінің ұжымында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған салтанатты жиналыс өтті

Салтанатты жиналыста Есеп комитетінің Төрағасы Қозы-Көрпеш Жаңбыршин ұжымды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен құттықтады.

Қ. Жаңбыршин Тәуелсіздік мерейтойы ел дамуындағы жетістіктердің басында тұрған қазіргі Қазақстанның негізін салушы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атымен тығыз байланысты екенін атап өтті.

«Мемлекеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік салаларында түбегейлі өзгерістер орын алды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан өзінің саяси тұрақтылығымен, ашықтығымен, ынтымақшылдығымен танылып, әлемдік аренада берік негіз қалай білді», – деп сөзін толықтырды Есеп комитетінің Төрағасы.

Сондай-ақ Қозы-Көрпеш Жаңбыршин Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктеріне Есеп комитеті қызметкерлерінің де айтарлықтай үлес қосқанын атап өтті.

«Биылғы жыл - біз үшін де мерейлі жыл. 20 жыл ішінде біз айтарлықтай жетістіктерге жетіп, атқарған қызметіміздің жақсы нәтижелерін көрсете білдік. Көптеген көрсеткіштер бойынша біз халықаралық талаптарға жауап беретін әлемдік аудиторлық қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналдық. Бұл Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Есеп комитетіне берген жоғары бағасымен расталады», – деді ол.

Қозы-Көрпеш Жаңбыршиннің айтуынша, Тәуелсіздік жылдарында Есеп комитеті республикалық бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына,

бюджет шығындарының барлық бағыттары бойынша бағалау жүргізуді қамтамасыз етіп, жоғары мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы мәртебесін нығайтты.

Салтанатты іс-шара барысында мемлекеттік және ведомстволық наградалар табыс етілді.

Елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі және белсенді қоғамдық қызметі үшін Есеп комитетінің аппарат басшысы Ержан Зағитов және Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Серік Өтешов «Құрмет» орденімен, Есеп комитеті бөлімдерінің меңгерушілері Қамбар Омаров және Юлия Энгель «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен – Есеп комитетінің мемлекеттік аудитору Салтанат Нұғманова және Ақмола облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Ольга Роберт.

Қазақстан Республикасының дамуына, мемлекеттілігінің қалыптасуы мен егемендігінің нығаюына елеулі үлес қосқан Есеп комитетінің мүшелері мен аппараттың жекелеген қызметкерлері «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медальмен марапатталды.

Есеп комитетінің ардагерлері Әнуарбек Сұлтанғазинге және Ермек Имантаевқа ІІ және ІІІ дәрежелі «Қаржы сақшысы» ведомстволық медальдары табыс етілді. Есеп комитеті мен тексеру комиссияларының, сондай-ақ

«Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» РМК бірқатар қызметкерлері ІІІ дәрежелі «Қаржы сақшысы» медалімен, сондай-ақ Есеп комитеті Төрағасының құрмет грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапатталды.

Бұдан басқа, Есеп комитетінің Төрағасы Қозы-Көрпеш Жаңбыршин өз әріптестерін Мемлекеттік аудиторларды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссияның әңгімелесуінен сәтті өткені үшін құттықтап, олар Тәуелсіз Қазақстанның тарихында мемлекеттік аудитор сертификатының алғашқы иегерлері екенін атап өтті.

Ол ағымдағы жылда Мемлекеттік аудиторларды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссия ауқымды жұмыс жүргізгенін атап өтті.

«Біз Елбасы осы жылы алдымызға қойған міндеттерді толық орындадық. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының барлық қызметкерлері сертификаттау рәсімінен өтті. Қысқа уақыт аралығында, атап айтқанда ағымдағы жылғы тамыз-қарашада Ұлттық комиссияның 26 отырысы өткізілді, 1400-қа жуық үміткер әңгімелесуден өтті», – деді ол.

Қозы-Көрпеш Жаңбыршин өз сөзін қорытындылай келе, барлық жиналғандарға мықты денсаулық, құт-береке, бақыт және еңбекте жаңа жетістіктер тіледі.

«Еліміз аман, жеріміз тыныш болсын. Еркін тәуелсіз еліміз гүлдене берсін!», – деп қорытындылады сөзін Есеп комитетінің Төрағасы.

Состоялось торжественное собрание коллектива Счетного комитета, посвященное 25-летию Независимости Республики Казахстан

На торжественном собрании Председатель Счетного комитета Козы-Корпеш Джанбурчин поздравил коллектив с 25-летием Независимости Республики Казахстан.

К. Джанбурчин отметил, что юбилей Независимости мы отмечаем с чувством законной гордости за те впечатляющие достижения, которых добилась страна за прошедший период благодаря широкомасштабным преобразованиям Основателя современного Казахстана – Нурсултана Абишевича Назарбаева.

«В стране произошли кардинальные преобразования в экономической, политической и социальной сферах. За годы независимости Казахстану удалось утвердиться на мировой арене, мы стали известны миру своей открытостью, доброжелательностью, миролюбием, политической стабильностью», – добавил Председатель Счетного комитета.

Козы-Корпеш Джанбурчин подчеркнул, что в достижениях независимого Казахстана есть доля труда и работников Счетного комитета.

«Нынешний год для нас тоже юбилейный. За 20 лет деятельности достигнуты хорошие результаты. По большинству параметров мы вышли на современный, адекватный требованиям и вызовам времени уровень, полноценно представляем страну в мировом аудиторском сообществе. Это подтверждает высокая оценка Главы государства Нурсултана Абишевича Назарбаева, данная Счетному комитету», – сказал он.

По словам Козы-Корпеша Джанбурчина, за период

независимости Счетный комитет прочно укрепил за собой статус высшего органа государственного аудита и финансового контроля, обеспечивая оценку по всем направлениям расходов республиканского бюджета, активов государства, налогового и таможенного администрирования.

В ходе торжественного мероприятия вручены государственные и ведомственные награды.

За заслуги в государственной и общественной деятельности, значительный вклад в социально-экономическое и культурное развитие страны, укрепление дружбы и сотрудничества между народами орденом «Кұрмет» награждены руководитель аппарата Счетного комитета Ержан Загитов и Председатель Ревизионной комиссии по Карагандинской области Серик Утешов, медалью «Ерен еңбегі үшін» – заведующие отделами Счетного комитета Камбар Омаров и Юлия Энгель, Почетной грамотой Республики Казахстан – государственный аудитор Счетного комитета Салтанат Нугманова и член Ревизионной комиссии по Акмолинской области Ольга Роберт.

За вклад в становление государственности, укрепление суверенитета и социально-экономическое развитие Республики Казахстан юбилейной медалью «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» награждены члены Счетного комитета и отдельные работники аппарата.

Ветеранам Счетного комитета Ануарбеку Султангазину и Еркему Имантаеву вручены ведомственные медали «Қаржы сақшысы» II и III степени. Ряд работников Счетного

комитета, ревизионных комиссий, а также РГП «Центр по исследованию финансовых нарушений» удостоен медалей «Қаржы сақшысы» III степени, а также почетных грамот и благодарственных писем Председателя Счетного комитета.

Кроме того, Председатель Счетного комитета Козы-Корпеш Джанбурчин поздравил коллег с успешным прохождением собеседования в Национальной комиссии по сертификации государственных аудиторов, подчеркнув, что они являются первыми в независимом Казахстане обладателями сертификата государственного аудитора.

Он отметил, что в текущем году Национальной комиссией по сертификации государственных аудиторов проведена большая работа.

«Задачи, поставленные Главой государства на 2016 год, мы выполнили. Все действующие работники органов государственного аудита и финансового контроля прошли процедуру сертификации. За короткий период – с августа по ноябрь текущего года проведено 26 заседаний Национальной комиссии, собеседования прошли почти 1400 кандидатов», – сказал он.

В завершение Козы-Корпеш Джанбурчин пожелал всем здоровья, счастья, благополучия и новых достижений.

«Пусть торжествует на благословенной земле Казахстана мир и благополучие. Пусть и дальше процветает наша Родина – свободный Казахстан!», – заключил Председатель Счетного комитета.

12.12.2016

Есеп комитетінің Төрағасы Қозыкөрпеш Жаңбыршин басқарған делегация ИНТОСАЙ XXII Конгресінің отырысына қатысты, Абу-Даби қ. (БАӘ)

Конгрестің жұмысына И Н Т О С А И - ға қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржы бақылау органдарының (ЖҚБО) өкілдері қатысты.

ИНТОСАИ XXII Конгресінің күн тәртібіне сәйкес БҰҰ 2030 тұрақты даму бойынша күн тәртібінің іске асыруына ИНТОСАИ ЖҚБО мүшелерінің қатысуы, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, сондай-ақ мемлекеттік аудиторлардың кәсіби деңгейін көтеру бойынша мәселелері талқыланды.

Есеп комитетінің Төрағасы Қозыкөрпеш Жаңбыршин Конгрестің негізгі тақырыбы бойынша баяндама жасады.

Ол Қазақстан Республикасында қолданылатын аудиторлық кадрлардың кәсібилігін арттырудың негізгі тәсілдері туралы, соның ішінде ұлттық және халықаралық деңгейде академиялық білімді дамыту, аудиторларды даярлау және қайта даярлау арқылы біліктілігін арттыру туралы айтып өтті.

Есеп комитетінің Төрағасы қазіргі мемлекеттік және қоғамдық қызметтердің күрделілігі, мемлекеттік қорымен басқарудың қиындығы, аудитті өткізу ортасының үнемі өзгеріп тұруы жоғары мемлекеттік аудит органдарынан биік кәсібилігін талап ететінін баса айтты.

Осыған орай Қ. Жаңбыршиннің айтуынша, тиісті біліктілігі деңгейіне талаптарды енгізу, мемлекеттік аудиторларды сертификаттау және олардың кәсіби деңгейін тиісінше дамыту мен одан әрі көтерудің үздіксіз процесі бұл жүргізетін аудит сапасын арттыруға әсер етеді.

Есеп комитетінің Төрағасы өзінің баяндамасында мемлекеттік аудиторларды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссияны құру мәселесіне көңіл бөлді.

«Қазақстанның сертификаттау жүйесінің бірегейлігі, ол сыртқы және ішкі мемлекеттік аудит органдарының қызметкерлеріне бірдей қатысты, сондай-ақ танылған әлемдік институттардың халықаралық сертификаттауымен етене ықпалдасқан» - деп баса айтты ол.

Конгрестің қорытындысы бойынша 2017-2022 жылдарға ИНТОСАИ Стратегиялық жоспары қабылданды.

Бұдан басқа, Конгрестің шеңберінде Қозыкөрпеш Жаңбыршин екіжақты кездесулер өткізді, соның ішінде БАӘ, Эстония, Малайзия, Қытай, Беларусь, Қырғызстан, Латвия, Литва, Пәкістан, Жапония, Швеция, Австралия, Ресей және Вьетнам жоғары қаржылық бақылау органдарының басшыларымен

және өкілдерімен кездесті.

Әріптестер ынтымақтастықты нығайту мен кеңейту мәселелері, сондай-ақ мемлекеттік аудитті өткізудің нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша өзара пікірлермен алмасты.

БАӘ Мемлекеттік аудит институтының Президенті, доктор Хариб Саид аль-Амими мырзамен кездесу барысында мемлекеттік аудиторларды оқыту мен кәсіби даму, сондай-ақ ведомстволық бағынышты оқыту орталықтарымен ынтымақтастығы бойынша мәселелері талқыланды. Қозыкөрпеш Жаңбыршин кездесу кезінде оның басшысын БАӘ Мемлекеттік аудит институтының құрылуына 40 жыл толуымен және БАӘ тәуелсіздігінің 45 жылдығымен құттықтады.

Эстонияның бас аудитору Алар Карис мырзамен екіжақты кездесу барысында Есеп комитеті мен Эстония мемлекеттік аудит офисімен арасындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды.

ИНТОСАИ – жоғары халықаралық аудит органдарының ұйымы. Оның құрамына 190 астам жоғары аудит органдары кіреді. ИНТОСАИ Конгресі үш жылда бір рет өтеді. Есеп комитеті ИНТОСАИ құрамына 2000 жылдың мамырында қабылданды.

12.12.2016

Делегация Счетного комитета во главе с Председателем Козы-Корпешем Джанбурчиным приняла участие в заседании XXII Конгресса ИНТОСАИ, г.Абу-Даби (ОАЭ)

В работе Конгресса приняли участие представители высших органов государственного контроля (ВОФК) стран-членов ИНТОСАИ.

В соответствии с повесткой дня XXII Конгресса обсуждены вопросы участия ВОФК-членов ИНТОСАИ в реализации повестки Дня ООН 2030 по

устойчивому развитию, в том числе в части усиления борьбы с коррупцией, а также повышения профессионального уровня государственных аудиторов.



Председатель Счетного комитета Козы-Корпеш Джанбурчин выступил с докладом по основной теме Конгресса.

Он рассказал об основных подходах к профессионализации аудиторских кадров, применяемых в Республике Казахстан, в том числе в части развития академического образования, повышения квалификации посредством подготовки и переподготовки аудиторов, как на национальном, так и на международном уровне.

Председатель Счетного комитета отметил, что сложность современных государственных и общественных услуг, управления государственными фондами, постоянно меняющаяся среда проведения аудита требуют от высших органов государственного аудита высокого профессионализма.

В этой связи, по словам К. Джанбурчина, внедрение требований к соответствующему уровню квалификации, сертификация государственных аудиторов и дальнейший непрерывный процесс их профессионального развития способствуют повышению

качества проводимого аудита.

Основное внимание в своем выступлении Председатель Счетного комитета уделил вопросам создания национальной системы сертификации государственных аудиторов.

«Уникальность системы сертификации Казахстана состоит в том, что она распространяется как на работников органов внешнего государственного аудита, так и внутреннего, а также в том, что система интегрирована с международными сертификациями признанных институтов», – подчеркнул он.

По итогам заседания Конгресса принят Стратегический план ИНТОСАИ на 2017-2022 годы.

Кроме того, в рамках Конгресса Козы-Корпеш Джанбурчин провел двусторонние встречи с главами и представителями высших органов финансового контроля ОАЭ, Эстонии, Малайзии, Китая, Беларуси, Кыргызстана, Латвии, Литвы, Пакистана, Японии, Швеции, Австралии, России и Вьетнама.

Коллеги обменялись мнениями по вопросам усиления и расширения сотрудничества, а также совершенствования

форм и методов проведения государственного аудита.

В ходе встречи с Президентом Института государственного аудита ОАЭ, доктором Харибом Саид аль-Амими обсуждены вопросы обучения и профессионального развития государственных аудиторов, а также сотрудничества подведомственных обучающих центров. Козы-Корпеш Джанбурчин также поздравил коллегу с 40-летним юбилеем Института государственного аудита ОАЭ и 45-летием Независимости страны.

В ходе двусторонней встречи с генеральным аудитором Эстонии господином Аларом Карисом был подписан Меморандум о взаимопонимании между Счетным комитетом и Офисом государственного аудита Эстонии.

ИНТОСАИ – международная организация высших органов аудита. В ее состав входят более 190 высших органов аудита. Конгресс ИНТОСАИ проводится один раз в три года. Счетный комитет принят в ИНТОСАИ в мае 2000 года.

30.11.2016

Есеп комитетінің Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған салтанатты жиналысы болып өтті

Салтанатты жиында Есеп комитетінің Төрағасы Қозыкөрпеш Жаңбыршин ұжымды келе жатқан мерекемен - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен құттықтады.

1991 жылғы 1 желтоқсан – біздің еліміздің жаңа тарихындағы ерекше күн деп баса айтты Қ. Жаңбыршин.

Осы тарихи күн бүгінде Тұңғыш Президент күні ретінде тойланады. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үшін өз дауыстарын берген қазақстандықтар алдағы

жылдардағы бейбітшілік пен тұрақтылық, ұлтаралық және конфессияаралық үйлесім, табысты әлеуметтік-экономикалық даму үшін тандау жасады.

Президент Н. Назарбаев – біздің мемлекетіміздің болашағы үшін шешуші сәтте өзіне тарихи жауапкершілік алған, қазіргі замаңғы Қазақстанның негізін қалаушы деп атап көрсетті Қозыкөрпеш Жаңбыршин.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жоғары органы Басшысының айтуынша,

Тұңғыш Президент күні еліміздің 25 жылдық Тәуелсіздігі қарсаңында аталып өтілуде.

«Тарихи өлшемдері бойынша осындай қысқа жолда Қазақстан Елбасының басшылығымен, үлкен табыстарға қол жеткізіп, өңір көшбасшысы және әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болды» - деді Қозыкөрпеш Жаңбыршин.

Жиын соңында Есеп комитетінің Төрағасы барлығына мықты денсаулық, амандық пен тұрақтылықты тіледі.

30.11.2016

Состоялось торжественное собрание Счетного комитета, посвященное Дню Первого Президента Республики Казахстан

На торжественном собрании Председатель Счетного комитета Козы-Корпеш Джанбурчин поздравил коллектив с наступающим Днем Первого Президента Республики Казахстан.

Козы-Корпеш Джанбурчин отметил, что 1 декабря 1991 года – особая дата в новейшей истории нашей страны.

«Этот исторический день сегодня отмечается как День Первого Президента. Отдав свои голоса за Нурсултана Абишевича Назарбаева, казахстанцы сделали выбор в пользу мира и

стабильности, межнационального и межконфессионального согласия, успешного социально-экономического развития на долгие годы вперед», – сказал Председатель Счетного комитета.

Козы-Корпеш Джанбурчин отметил, что Президент Н.Назарбаев – это Основатель современного Казахстана, взявший на себя в решающий момент историческую ответственность за будущее нашего государства.

По словам Руководителя высшего органа государственного аудита и финансового контроля,

День Первого Президента проходит в преддверии 25-летия Независимости страны.

«За столь короткий по историческим меркам путь Казахстан под руководством Елбасы добился грандиозных успехов, став реальным региональным лидером и полноправным членом мирового сообщества», – сказал Козы-Корпеш Джанбурчин.

В завершение Председатель Счетного комитета пожелал всем крепкого здоровья, благополучия и стабильности.

29.11.2016

2016 жылғы 29 қарашада Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржы бақылау (аудит) органдарының бірлескен отырысы өтті

Алғаш рет бейнеконференция режимінде өткен отырысқа Қазақстан Республикасы Есеп комитетінің, Ресей Федерациясы Есеп палатасының, Беларусь Республикасы Мемлекеттік бақылау комитетінің, Армения Республикасы Бақылау палатасының және Қырғыз Республикасы Есеп палатасының басшылары мен өкілдері қатысты.

2015 жылы бес мемлекеттің уәкілетті органдарының Кедендік әкелу баждарының сомаларын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды) есепке жатқызу мен бөлу, оларды Еуразиялық

экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері кірісіне аудару тәртібі туралы хаттаманы сақтауына жүргізілген бірлескен тексерудің қорытындылары шығарылды.

2015 жылы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының жалпы алғанда кедендік әкелу баждарын бес мемлекеттің бюджеттері арасында бөлу тәртібін сақтауды қамтамасыз еткені атап өтілді.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бес мемлекеттің бюджетіне 2015 жылы түскен кедендік әкелу баждарының жалпы сомасы 10 599,6 млн.

АҚШ долларын құрады.

Бірлескен отырыстың қорытындысы бойынша Хаттаманың міндеттемелерін толық және уақтылы орындауды қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар ұсынымдар қамтылған. Бірлескен тексерудің қорытындылары туралы есепті бекіту және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтеріне, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссияға жіберу жөнінде шешім қабылданды.

29.11.2016

29 ноября 2016 года состоялось совместное заседание высших органов финансового контроля (аудита) государств-участников Евразийского экономического союза

В заседании, впервые проведенном в режиме видеоконференции, приняли участие руководители и представители Счетного комитета Республики Казахстан, Счетной

палаты Российской Федерации, Комитета государственного контроля Республики Беларусь, Контрольной палаты Республики Армения и Счетной палаты Кыргызской Республики.

Подведены итоги совместной проверки соблюдения в 2015 году уполномоченными органами пяти государств Протокола о порядке зачисления и распределения сумм ввозных таможенных



пошлин (иных пошлин, налогов и сборов, имеющих эквивалентное действие), их перечисления в доход бюджетов государств-членов Евразийского экономического союза.

Отмечено, что в 2015 году уполномоченными органами государств – членов ЕАЭС в целом обеспечено соблюдение порядка распределения ввозных

таможенных пошлин между бюджетами пяти государств.

Общая сумма ввозных таможенных пошлин, поступивших в бюджеты пяти государств-членов ЕАЭС за 2015 год, составила 10 599,6 млн. долларов США.

По итогам совместного заседания принято решение утвердить Отчет об итогах

совместной проверки, содержащий ряд рекомендаций, направленных на обеспечение полного и своевременного исполнения обязательств Протокола, и направить его в правительства государств-членов Евразийского экономического союза, а также в Евразийскую экономическую комиссию.

29.11.2016

5B052100, 6M052100, 6D052100 – «Мемлекеттік аудит» мамандықтары бойынша ҚР БҒМ РОӘК оқу-әдістемелік біріктірудің мәжілісі өтті

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де 5B052100, 6M052100, 6D052100 – «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша ҚР БҒМ РОӘК оқу-әдістемелік біріктірудің мәжілісі өткізілді. РОӘК ОӘБ-дің мәжілісі республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің, ҚР Қаржы министрлігінің ішкі бақылау бойынша Комитетінің, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті негізіндегі «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталығы» ШЖҚ РМК өкілдерінің, сонымен қатар оқу әдістемелік біріктірудің мүшелері болып табылатын ҚР-ның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының өкілдерінің қатысуымен өтті.

Күн тәртібі бойынша келесідей сұрақтар талқыланды:

1. Кәсіби стандарттар: құры-

лымы, мазмұны және дайындау тәртібі

2. Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби құзыреттілігін құру.

Бірінші сұрақ бойынша Атамекен ҰКП-ның сарапшысы Исабеков М.У. баяндама жасады. Баяндамада 2012-2016жж. Қазақстанда кәсіби стандарттарын дайындау сатылары; ҰБЖ нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету; кәсіби стандарттарды дайындаудың халықаралық тәжірибесі мазмұндалды, сонымен қатар кәсіби стандарттарды дайындау процедуралары бойынша жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық ұсыныстары айтылды.

Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби құзыреттілігін құру жөнінде екінші сұрақ бойынша республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөнінде

Есеп комитетінің кеңесшісі, э.ғ.д., профессор Зейнельгабдин А.Б. сөз сойледі. Өз баяндамасында Алтай Болтайханович мемлекеттік аудиторлардың кәсіби құзыреттілігі белгіленген білім берудің үш деңгейі бойынша «Мемлекеттік аудит» мамандығының білім беру бағдарламаларын дайындауда Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының ПОҚ-ның және Есеп комитеті өкілдерінің бірлескен жұмысы белгіленді.

Мәжіліс тәртібінің барлық сұрақтары кеңінен талқыланды. РОӘК ОӘБ мүшелерімен қызықты сұрақтар қойылды, және кәсіби стандарттарды дайындау процедураларын жетілдіру мен мемлекеттік аудиторлардың кәсіби құзыреттілігін құруға бағытталған ұсыныстар жасалды.

**Л.Н.Гумилев атындағы
ЕҰУ Баспасөз қызметі**

Заседание учебно-методического объединения РУМС МОН РК по специальности 5B 052100, 6M 052100, 6 D052100 –«Государственный аудит»

В ЕНУ им. Л.Н. Гумилева состоялось заседание учебно-методического объединения РУМС МОН РК по специальности 5B 052100, 6M 052100, 6 D052100 –«Государственный аудит». Заседание УМО РУМС проходило с участием представителей Счетного комитета по контролю за исполнением

республиканского бюджета, Комитета по внутреннему контролю МФ РК, РГП на ПХВ «Центр по исследованию финансовых нарушений» при Счетном комитете по контролю за исполнением республиканского бюджета, а также представителей ведущих вузов РК которые являются членами учебно-

методического объединения.

По повестке дня обсуждались следующие вопросы:

1. Профессиональные стандарты: структура; содержание и порядок разработки

2. Формирование профессиональных компетенций государственных аудиторов.

По первому вопросу с

докладом выступил эксперт НПП Атамекен Исабеков М.У. В докладе были освещены: этапы разработки профстандартов в Казахстане 2012-2016 гг; нормативное правовое обеспечение НСК; международный опыт разработки профстандарта; а также были озвучены предложения сотрудничества с вузами по процедуре разработки профстандартов.

По второму вопросу о формировании профессиональных компетенций

государственных аудиторов выступил советник председателя Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, д.э.н, профессор Зейнельгабдин А.Б. В своем докладе Алтай Болтайханович отметил совместную работу ППС кафедры «Учет, аудит и анализ» ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и представителей Счетного комитета при разработке образовательных программ по специальности «Государственный аудит» по трем уровням образования,

в которых были обозначены профессиональные компетенции государственных аудиторов.

Все вопросы повестки заседания получили широкое обсуждение. Членами УМО РУМС задавались интересные вопросы, и были высказаны пожелания, направленные на совершенствование процедуры разработки профессиональных стандартов и формированию профессиональных компетенций государственных аудиторов.

**Пресс-служба ЕНУ
им.Л.Н.Гумилева**

The meeting of educational-methodical association RSMB Ministry of Education of RK by the specialty 5B 052100, 052100 6M, 6 D052100 - «State Audit»

ENU named after L.N. Gumilyev held a meeting of educational-methodical association RSMB Ministry of Education, specialty 5B 052100, 052100 6M, 6 D052100 - «State Audit» in 29.11.2016. The meeting took place with participation of representatives of the Accounts Committee for Control over Execution of the Republican Budget, the Internal Control Committee MF RK, RSE on RHI “Centre for Financial Violations Research” in the Accounts Committee for Control over Execution of the Republican budget, as well as representatives of the Republic of Kazakhstan leading universities that are members of the educational-methodical association.

The following issues were discussed on the agenda:

1. Professional standards: the structure, content and procedure

development

2. Formation of professional competence of state auditors.

On the first issue the report was made by the expert NEC “Atameken” Issabekov M.U. The report highlights: professional standards development stages in Kazakhstan of 2012-2016; normative legal support NSC; international experience in the development of professional standards; as well as the proposals were announced cooperation with universities for professional standards development process.

On the second question about the formation of the professional competence of state auditors the report was made by Advisor to the Chairman of the Accounts Committee for Control over Execution of the Republican Budget, Doctor of Economics,

Professor Zeynelgabdin A.B. In its report, the Altai Boltayhanovich said about teamwork staff of the department “Accounting, Audit and Analysis” ENU. L.N.Gumilyev and representatives of the Accounts Committee in the development of educational programs for specialty “State Audit” at the three levels of education, in which the professional competence of state auditors have been identified.

All issues on the agenda of the meeting received extensive discussion. The members of the RSMB asked interesting questions, and suggestions were made to improve the procedures for the development of professional standards and the development of professional competencies of state auditors.

Press office L.N.Gumilyov ENU

«Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша дуалды білім беру элементтерін ендіру келешегі» тақырыбындағы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған дөңгелек үстел

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша дуалды білім беру элементтерін ендіру келешегі» тақырыбындағы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына

арналған дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің ұйымдастырушылары: республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті және 5B052100, 6M052100, 6D052100 – «Мемлекеттік аудит»

мамандығы бойынша ҚР БҒМ РОӘК оқу-әдістемелік біріктіру.

«Дуалды білім беру: әлемдік тәжірибе және Қазақстанға ендіру тәжірибесі» тақырыбында ОӘБ-дің мүшесі э.ғ.к., доцент Нурхалиева Д.М. баяндама



жасады. Баяндамада оқытудың дуалды жүйесін тек техникалық бағыттарға ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық бағыттарға ендіру қажеттілігі белгіленді. Оқытудың дуалды жүйесі ертеден әлемдік деңгейде танылған болатын. Жүйе Германия, Франция, Қытай және т.б. секілді еуропалық және азиялық мемлекеттерде сәтті жүзеге асырылуда. Дуалды білім берудің лидері болып Германия танылады, және оның экономикалық жетістіктері дуалды білім берудің құндылықтарын айқындайды. Германияның

бәсекеге қабілеттілігі көбінесе дуалды жүйеге тәуелді екендігін айта кеткен жөн. Мысалы, Германиядағы жұмыс күші нарығының 54%-ы дуалды бағдарламалар түлектері есебінен құрылады.

Есеп комитетінің мүшесі, э.ғ.д. Нугербеков С.Н. дөңгелек үстел тақырыбын талқылауда «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша білім алушыларды даярлауда дуалды білім берудің келесідей элементтерінің пайдаланылатындығын айтты:

- Есеп комитеті жұмыс беруші ретінде қатысумен білім беру бағдарламалары дайындалды;

- «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» ШЖҚ РМК базасында «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының филиалы ашылды;

- білім алушылардың Есеп комитетінде және мемлекеттік мекемелерде кәсіби тәжірибелерін өтуі жөнінде келісімшарт жасалды.

Жалпылай, дөңгелек үстелдің тақырыбы қатысушылар РОЭК ОӘБ мүшелері тарапынан қызығушылыққа ие болды, қызықты пікірталас өтті.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Баспасөз қызметі

Круглый стол посвященный 25-летию Независимости Республики Казахстан на тему: «Перспективы внедрения элементов дуального образования по специальности «Государственный аудит»»

В ЕНУ им. Л.Н. Гумилева состоялся круглый стол, посвященный 25-летию Независимости Республики Казахстан на тему: «Перспективы внедрения элементов дуального образования по специальности «Государственный аудит». Организаторы круглого стола: Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета и учебно-методическое объединение РУМС МОН РК по специальности 5В 052100, 6М 052100, 6 D052100 – «Государственный аудит».

С докладом на тему: «Дуальное образование: мировая практика и опыт внедрения в Казахстане» выступила, член УМО к.э.н., доцент Нурхалиева Д.М. В докладе была отмечена необходимость внедрения дуального образования не

только по техническим, но и по гуманитарным направлениям. Дуальная система обучения уже давно получила мировое признание. Система успешно функционирует во многих европейских и азиатских странах, как Германия, Франция, Китай и др. Лидером дуального обучения является Германия, и ее экономические успехи красноречиво свидетельствуют о ценности дуального обучения. Принято считать, что конкурентоспособность Германии во многом зависит от дуальной системы. Рынок рабочей силы в Германии, например, на 54% формируется за счет выпускников дуальных программ.

В обсуждении темы круглого стола членом Счетного комитета, д.э.н. Нугербековым С.Н. было

отмечено, что при подготовке обучающихся по специальности «Государственный аудит» используются следующие элементы дуального образования:

совместно с работодателем в лице Счетного комитета были разработаны образовательные программы;

на базе РГП на ПХВ «Центр по исследованию финансовых нарушений» открыт филиал кафедры «Учет, аудит и анализ»; заключен договор о прохождении профессиональных практик обучающимися в Счетном комитете и государственных учреждениях.

В целом, тема круглого стола вызвал огромный интерес со стороны участников – членов УМО РУМС, состоялась интересная полемика.

Пресс-служба ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Round table dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan on the topic: “Prospects for the introduction of elements of dual education in the specialty” State Audit “”

The round table devoted to the 25th anniversary of Independence

of the Republic of Kazakhstan on the topic: “Prospects for the

introduction of elements of dual education in the specialty” State

Audit” took place at the ENU named after L.N.Gumilyev in 29.11.2016. The initiators of the round table: the Accounts Committee for Control over Execution of the Republican budget and the teaching union RSMB Ministry of Education, specialty 5B 052100, 052100 6M, 6 D052100 - «State Audit”.

The report on the topic: “The dual education: international practice and experience of introduction in Kazakhstan” was read by a member of the SMO senior lecturer Nurhalieva D.M. The report noted the need for the introduction of dual education is not only technical, but also in humanitarian areas. The dual education system has long been recognized worldwide.

The system operates successfully in many European and Asian countries, such as Germany, France, China, and others. The leader of the dual training is Germany, and its economic successes eloquently about the value of the dual training. It is believed that Germany’s competitiveness depends largely on the dual system. Labour market in Germany, for example, 54% is formed by graduates of the dual programs.

The round table discussion threads a member of the Audit Committee, Ph.D. Nugerbekov S.N noted that in the preparation of students by the specialty “State Audit”, the following elements of dual education are used:

- Together with the employer in the name of the Accounts Committee of educational programs have been developed;

- On the basis of RSE on RHI “Centre for Financial Violations Research” opened a branch of the department “Accounting, Audit and Analysis”;

- Contract on passage of professional practices of trainees in the Accounts Committee and state institutions were approved.

In general, the roundtable topic aroused great interest of the participants - members of the SMO RSMB, there was an interesting debate.

Press office L.N.Gumilyov ENU

02.11.2016

Есеп комитетінің өкілдері ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Жоғары қаржы бақылау (аудит) органдары басшылары кеңесінің Ұлттық түйінді көрсеткіштер жөніндегі сараптамалық тобының отырысына қатысты

Алғаш рет бейнеконференция режимінде өткен отырысқа Армения, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей мен Тәжікстанның жоғары қаржылық бақылау (аудит) органдарының өкілдері қатысты.

Ресей Есеп палатасының департаментінің директоры, Сараптама тобының үйлестіруші Дмитрий Зайцев ағымдағы жылдың қыркүйегінде Мехико қаласында (Мексика) өткен ИНТОСАИ Комитетінің 8-ші отырысы қорытындылары туралы қатысушыларды хабардар етті.

Орнықты дамудың мақсаттарына қол жеткізудің келешегін анықтауға бағытталған «Орнықты даму саласындағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің тәжірибесі» атты жобаны Сараптамалық тобының мүшелері дайындау мәселелері талқыланды.

Бейнеконференция қаты-

сушылардың пікірінше, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұзақ мерзімді стратегиялық құжаттарды жүзеге асыру кезіндегі өзекті проблемасы, оларды орындауда жауапты мемлекеттік органдарының өзара тиімді іс-қимылының жоқтығы болып табылады.

Осы мәселелерде, атап айтқанда, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды орындауды талдау және бағалау жүргізу кезіндегі, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті ұсынымдарды әзірлеу бойынша жоғары қаржылық бақылау (аудит) органдарының ерекше рөлі баса айтып өтілді.

Зерттеудің қорытындысы бойынша, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржылық бақылау (аудит) органдарының тәжірибесін жинақтайтын және мемлекеттің дамуындағы стратегиялық

мақсаттарға қол жеткізетін ұсынымдарды қамтитын талдамалық құжатты әзірлеу жоспарланған.

Анықтама үшін:

Ұлттық түйінді көрсеткіштер жөніндегі сараптамалық тобы 2008 жылғы қыркүйекте Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) өткен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Жоғары қаржы бақылау органдары басшыларының VIII сессиясы шешімі бойынша құрылған.

ИНТОСАИ – Біріккен Ұлттар Ұйымына қатысушы 191 мемлекеттің өкілдерін біріктіретін жоғары қаржылық бақылау органдарының халықаралық ұйымы. Ол 1953 жыл құрлыған. Есеп комитеті 2000 жылдан бері ИНТОСАИ мүшесі.

Представители Счетного комитета приняли участие в заседании Экспертной группы по ключевым национальным показателям Совета руководителей высших органов финансового контроля (аудита) государств – участников СНГ

В заседании, впервые прошедшем в режиме видеоконференции, приняли участие представители высших органов финансового контроля (аудита) Азербайджана, Армении, Казахстана, Кыргызстана, Молдовы, России и Таджикистана.

Директор Департамента Счетной палаты России, координатор Экспертной группы Дмитрий Зайцев проинформировал участников об итогах 8-го заседания Комитета ИНТОСАИ по обмену опытом, прошедшего в сентябре текущего года в г. Мехико (Мексика).

Обсуждены вопросы подготовки членами Экспертной группы проекта «Опыт стран СНГ в сфере устойчивого развития», направленного на определение перспектив достижения целей устойчивого развития.

По мнению участников видеоконференции, наиболее актуальной проблемой при реализации долгосрочных стратегических документов

стран-участниц СНГ является отсутствие эффективного взаимодействия государственных органов, ответственных за их исполнение.

Отмечена особая роль высших органов государственного аудита (контроля) в данных вопросах, в частности, при проведении анализа и оценки исполнения социально-экономических программ, а также разработки соответствующих рекомендаций по устранению выявляемых недостатков.

По результатам исследования планируется подготовка аналитического документа, обобщающего опыт высших органов финансового контроля (аудита) стран-участниц СНГ и содержащего рекомендации, направленные на достижение стратегических целей развития государства.

Справочно:
Экспертная группа по ключевым национальным показателям Совета

руководителей ВОФК государств – участников СНГ образована по решению VIII сессии Совета руководителей высших органов финансового контроля государств-участников СНГ, прошедшей в сентябре 2008 года в г. Москве (Российская Федерация).

Деятельность группы содействует реализации регионального пилотного проекта Совета руководителей ВОФК государств – участников СНГ в рамках Рабочей группы по ключевым национальным показателям ИНТОСАИ.

ИНТОСАИ – Международная организация высших органов финансового контроля, которая объединяет представителей 191 государства-члена Организации Объединенных Наций. Создана в 1953 году. Счетный комитет является членом ИНТОСАИ с 2000 года.

31.10.2016

Есеп комитеті ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ЖҚБО мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының тоғызыншы отырысын ұйымдастырды

Есеп комитетінің мүшесі Константин Плотниковтың төрағалығымен, алғаш рет бейнеконференция режимінде өткен отырысқа, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей мен Тәжікстанның жоғары қаржылық бақылау (аудит) органдарының өкілдері қатысты. Отырыс барысында «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржылық бақылау органдарының қызметкерлеріне арналған этикалық талаптар,

қағидалар мен нормалары» Стандарт жобасына Қазақстанның Есеп комитеті мен Тәжікстанның Есеп палатасының ұсыныстары қарастырылды.

Атап айтқанда, Стандарттың қолданысын бірлескен және қосарлас бақылау пен сараптамалық-талдамалық іс-шараларды (аудиттерді) өткізу кезінде ұсынылатын этикалық талаптарға таратуы, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастығы шеңберінде өзара іс-қимылды жүзеге асыруы ұсынылды.

Мемлекеттік қаржылық бақылау (аудит) стандарттарында қолданылатын Терминдердің глоссарийін өзектендіру мәселелері талқыланды. Глоссарийге тек қана ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ЖҚБО қызметінде пайдаланатын терминдер кіруі тиіс екендігі баса айтылды. Қазақстан, Қырғызстан, Молдова және Ресей жоғары қаржылық бақылау (аудит) органдарының өзара мүддеге сай, қызығушылығы бар мәселелер

бойынша құжаттарды әзірлеу қажеттілігі туралы ұсыныстары қарастырылды.

Бейнеконференцияға қатысушылар пікірінше, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ЖҚБО арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылы мәселелерін реттейтін, инвестиция аудитін жүргізу, сондай-ақ бірлескен қатар және сараптамалық-талдамалық іс-шараларды (аудиттерді) өткізу бойынша стандартты әзірлеу мәселелері ең өзекті болып табылады.

Отырыстың қорытындысы

бойынша айтылған ұсыныстарды есепке алумен бірге, қарастырылған құжаттар жобаларын жетілдіру туралы шешімі қабылданды.

Жұмыс тобының келесі отырысын 2017 жылы Бішкек қаласында (Қырғыз Республикасы) өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Анықтама үшін:
ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржы бақылау органдарының мемлекеттік қаржылық бақылау

(аудит) стандарттарын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы 2010 жылғы қыркүйек айында Ереван қаласында (Армения Республикасы) өткен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Жоғары қаржы бақылау органдары басшыларының X сессиясының шешімі бойынша құрылған.

Есеп комитеті Жұмыс тобында оның құрылған күнінен бастап төрағалық етеді.

31.10.2016

Счетным комитетом организовано девятое заседание Рабочей группы по разработке стандартов государственного финансового контроля (аудита) ВОФК государств-участников СНГ

В заседании под председательством члена Счетного комитета Константина Плотникова, впервые прошедшем в режиме видеоконференции, приняли участие представители высших органов финансового контроля (аудита) Армении, Беларуси, Казахстана, Кыргызстана, Молдовы, России и Таджикистана.

В ходе заседания рассмотрены предложения Счетного комитета Казахстана и Счетной палаты Таджикистана к проекту Стандарта «Этические требования, принципы и нормы поведения для работников высших органов финансового контроля государств-участников СНГ».

В частности, предложено распространить действие Стандарта на этические требования, предъявляемые при проведении совместных и параллельных контрольных и экспертно-аналитических мероприятий (аудитов), а также осуществлении взаимодействия в рамках международного

сотрудничества.

Обсуждены вопросы актуализации Глоссария терминов, используемых в стандартах государственного финансового контроля (аудита). Отмечено, что в Глоссарий должны войти только термины, используемые в стандартах государственного финансового контроля (аудита), применяемые в деятельности ВОФК государств-участников СНГ.

Рассмотрены предложения высших органов финансового контроля (аудита) Казахстана, Кыргызстана, Молдовы и России о необходимости разработки документов по вопросам взаимный интерес.

По мнению участников видеоконференции, наиболее актуальными являются вопросы разработки стандарта, регулирующего вопросы информационного взаимодействия ВОФК государств-участников СНГ, проведения аудита инвестиций, а также контроля качества

совместных контрольных и экспертно-аналитических мероприятий (аудита).

По итогам заседания принято решение доработать проекты рассмотренных документов с учетом высказанных предложений. Достигнута договоренность о проведении следующего заседания рабочей группы в г. Бишкеке (Кыргызская Республика) в 2017 году.

Справочно:

Рабочая группа по разработке стандартов государственного финансового контроля (аудита) высших органов финансового контроля государств-участников СНГ образована по решению X сессии Совета руководителей высших органов финансового контроля государств-участников СНГ, прошедшей в сентябре 2010 года в г. Ереване (Республика Армения).

Счетный комитет председательствует в Рабочей группе со дня ее образования.

Есеп комитетінде Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары үйлестіру кеңесінің отырысы өтті

Қозыкөрпеш Жаңбыршиннің төрағалығымен өткен Үйлестіру кеңесінің жұмысына қаржы және ұлттық экономика министрліктерінің, Алматы қаласы әкімдігінің ішкі аудит қызметінің өкілдері, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тексеру комиссияларының төрағалары қатысты.

Мемлекеттік аудиторларды сертификаттаудың аралық нәтижелері қаралды. Есеп комитетінің Төрағасы Қозыкөрпеш Жаңбыршин «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңды іске асыру үшін мемлекеттік аудиторларды сертификаттауды ұйымдастыру бойынша үлкен жұмыс жүргізілгенін атап өтті.

«Екі айдан астам уақыт бойы Мемлекеттік аудиторларды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс жасауда. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының 845 қызметкері әңгімелесуден өтті. Оның ішінде 95 кандидатқа мемлекеттік аудитор біліктілігін беруден бас тартылды. Бас тартудың себептері – кәсіби, іскерлік сапаларының жеткіліксіз деңгейі, сондай-ақ мемлекеттік аудиторларға қойылатын моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес келмеуі», – деп хабарлады Қозыкөрпеш Жаңбыршин.

Есеп комитетінің Төрағасы техникалық оқу, семинарлар, тренингтер және басқа іс-шараларды өткізу арқылы мемлекеттік аудиторлардың кәсіби деңгейін одан әрі арттыру қажеттілігіне тоқталып өтті.

«Жұмысымыздың ерекшелігін ескере отырып, мемлекеттік

аудиторлар заңнаманы, соның ішінде салықтық, әкімшілік, мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаларды мүлтіксіз сақтап, еліміздің заңға бағынатын азаматтары болуы тиіс», – деп атап өтті ол.

Отырыс барысында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының, соның ішінде мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды бағалау бойынша қатар аудиторлық іс-шараларды жоспарлау және жүргізу кезінде өзара іс-қимыл жасау мәселелері талқыланды.

Бұдан басқа, тексеру комиссияларының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын сақтауын бақылау кезінде Есеп комитеті анықтаған негізгі бұзушылықтар мен кемшіліктер қаралды. Аудиторлық іс-шараларды сапасыз жоспарлау, аудит объектілерінің қайталану, Есеп комитетіне толық емес есептік ақпарат ұсыну фактілері атап өтілді.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, қадағалаушы және өзге де мемлекеттік органдар арасында ақпарат алмасу мақсатында қалыптастырылатын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының Бірыңғай ақпараттық дерекқорын құру мәселелері де қаралды.

Бірыңғай ақпараттық дерекқор мемлекеттік аудитті жүргізумен байланысты, соның ішінде аудит объектілері, тексеру нәтижелері, бюджеттің атқарылуы туралы деректерді, статистикалық және өзге де мәліметтерді қамтиды.

Бұған қоса, қатысушылар

Үйлестіру кеңесінің 2017 жылға арналған жұмыс жоспарын талқылап, оны бекіту жөнінде шешім қабылдады.

Отырыстың қорытындысы бойынша мемлекеттік аудиторлардың біліктілігін арттыруға, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен сындарлы өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастыруға, сондай-ақ тексеру комиссияларының қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған бірқатар нақты шешімдер қабылданды.

Анықтама үшін:

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі Есеп комитетінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган. Кеңес қызметінің мақсаты ең өзекті проблемаларды алқалық талқылау жолымен мемлекеттік аудит органдарының тиімді өзара іс-қимылына жәрдемдесу, бюджеттің барлық деңгейлерінде оны жоспарлаумен атқару кезінде қаржы тәртібін нығайту болып табылады.

Кеңес құрамына Төраға және Есеп комитетінің үш мүшесі, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның бірінші басшысы, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тексеру комиссияларының төрағалары, Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ұсынуы бойынша орталық және жергілікті мемлекеттік органдардан бір-бірден – екі ішкі аудит қызметінің басшысы кіреді.

28.10.2016

В Счетном комитете состоялось заседание Координационного совета органов государственного аудита и финансового контроля

В работе Координационного совета под председательством Козы-Корпеша Джанбурчина приняли участие представители министерств финансов и национальной экономики, службы внутреннего аудита акимата г.Алматы, председатели ревизионных комиссий областей, городов Астаны и Алматы.

Қазіргі уақытта үш негізгі қолдау бағыттарын атап көрсетуге болады, бұл нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, ғылым инфрақұрылымын жаңғырту, ғылыми қызметті қаржылық қамтамасыз ету болып табылады.

«Ғылым туралы» ҚР Заңына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті мемлекеттік бюджеттен қаржы-



1-схема. Қаржыландыру нысандары

ландыру келесі нысандар бойынша жүзеге асырылады.

Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында бөлінетін бюджет қаражатын ұтымды пайдалану ҚР Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның отырысында мақұлданған ғылымды дамытудың бес басымдығы арасында ресурстарды бөлумен қамтамасыз етіледі:

- табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, шикізат пен өнімді қайта өңдеу,
- өмір туралы ғылымдар,
- мемлекеттің зияткерлік әлеуеті,
- энергетика және машина жасау,
- ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар. [2]

Ғылыми қызмет іргелі, қолданбалы зерттеулер жүргізу және тәжірибелік-құрастырымдық талдамалар жасау жолымен жүзеге асырылады. Өз кезегінде, зерттеу мәні бойынша барлық ғылыми-техникалық жобалар табиғи, техникалық, қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар сияқты мамандандырылған ғылыми бағыттар бойынша іске асырылады.

Әдеттегідей, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері мыналар болып табылады: ғылыми жарияланымдар (мақала, монография, ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп); тәжірибелі үлгілер, интегралдық микросхеманың топологиялары; бағдарламалық қамтамасыз ету; ғылыми жаңалықтар; техникалық құжаттама. Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері (бұдан әрі – ҒТҚН) патентпен, тіркеу туралы куәлікпен, өндірісті (ноу-хауды) құпия деп тану туралы бұйрықпен және т.б. қорғалуы мүмкін. Экономикалық тұрғыдан ҒТҚН материалдық емес активтерді көбейтуге, лицензияларды сатуға әкелуі тиіс. Жалпы ғылыми, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық немесе импортты алмастыратын нәтиже ғылыми қызметтің салдары болып табылады.

Мемлекеттің негізгі бағдарламалық құжаттарында көрсетілгендей, Қазақстанда ғылымның мақсаты үдемелі әртараптандыру, ғылымды қажет ететін жоғары технологиялық өндірістерді құру, шикізаттық және технологиялық тәуелділіктен арылу жолымен ғылымның экономиканы

дамытуға қосқан нақты үлесін қамтамасыз етумен байланысты. Бұл үшін мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын барлық зерттеулердің қолданбалы не іргелі сипатқа ие болуына қарамастан, олар мемлекеттің инновациялық әлеуетін арттыруға әкелуі тиіс, бұл зияткерлік меншік объектілерін құру және оларды экономикалық айналымға шығару міндеттілігін көздейді.

Осылайша, ғылымды дамытуға бағытталған бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелілігімен айқындау қажет. Ғылыми зерттеулер мен талдамалар нәтижелілігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі мемлекет экономикасындағы техникалық және технологиялық жетістіктерді көрсететін патенттік белсенділік болып табылады.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті мемлекеттік қаржылық қолдау тәжірибесіне жүргізілген талдау ғылыми сектордың қойылған міндеттерді шешуде жеткілікті тиімділікті көрсетпегенін

1-кесте – 2015 жылы аяқталған гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында іске асырылған ғылыми жобалардың нәтижелілігі

Қаржыландыру көзінің, басым бағыттың атауы	Аяқталған жобалар		Іске асыру нәтижелері бойынша зияткерлік меншік объектісі алынған		Іске асыру нәтижелері бойынша зияткерлік меншік объектісі алынбаған	
	Саны	Құны мың теңге	Саны	Құны мың теңге	Саны	Құны мың теңге
Гранттық қаржыландыру	374	2 941 415	123	1 018 684	251	1 922 731
Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, шикізат пен өнімді қайта өңдеу	53	532 612	25	261 582	28	271 030
Өмір туралы ғылым	107	772 465	36	208 025	71	564 440
Энергетика және машина жасау	50	480 331	28	232 021	22	248 310
Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар	30	288 036	11	96 036	19	192 000
Мемлекеттің зияткерлік әлеуеті	134	867 971	23	221 020	111	646 951
Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру	109	3 678 508	20	1 574 987	89	2 103 521
Барлық гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру	483	6 619 923	143	2 593 671	340	4 026 252

Дереккөз: ҚР Білім және ғылым министрлігі

Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында 2015 жылы жалпы құны 6,6 млрд. теңгеге 483 ғылыми жоба аяқталды, соның ішінде гранттық қаржыландыру бойынша - 2,9 млрд. теңге сомасына 374 жоба, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша - 3,6 млрд. теңге сомасына 109 жоба. Жалпы ғылыми зерттеулердегі (жобалардағы) аса тиімді және орташа жобалардың үлесі 90% құрайды.

Олардың ішінде жалпы құны 2,5 млрд. теңгені құрайтын 143 жоба бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижесі зияткерлік меншік объектілерін құруға және мемлекеттің зияткерлік капиталын ұлғайтуға әкелді, соның ішінде гранттық қаржыландыру бойынша - 1 млрд. теңге сомасына (34,6%) 123 жоба, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру

бойынша - 1,5 млрд. теңге сомасына (42%) 20 жоба.

Құны 4 млрд. теңге және одан асатын 340 ғылыми жоба бойынша 60% жағдайда зерттеу нәтижелері зияткерлік меншік объектілерін құруға әкелмеді, бұл өз кезегінде мемлекеттің зияткерлік капиталын ұлғайтпады.

Жалпы 2015 жылы аяқталған ғылыми зерттеулердің нәтижелілігі 40%-дан аспайды.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелілігі және ғылыми зерттеулер жүргізуге және ғылымды дамытуға бағытталған қаражатты пайдалану тиімділігі ғылыми зерттеулердің нәтижесін нақты қолданумен айқындалады.

Жүргізілген талдауға, ғылыми ұйымдар (орындаушылар) мен мемлекеттік мекемелер (тапсырыс берушілер) арасында жасалатын шарттарға сәйкес 2011-2015 жылдар аралығында

республика бойынша в жалпы 2501 ғылыми жоба іске асырылды. Ғылыми жобалар мен бағдарламалардың 80%-дан астамы мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың оң қорытындысын алған.

Бұл ретте ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің төмен нәтижелілігі мен қолданушылығы байқалады. Сөйтіп, 2501 тіркелген ғылыми жобалардың негізінде бар болғаны 318 ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері алынды, олардың 189 Тапсырыс беруші талап етті. Алынған өнім жаңа технологиялармен, әдіс-тәсілдермен, ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарымен ұсынылды. Алайда тек 64 ҒЗТҚЖ нәтижесі енгізілді. 2501 ғылыми жобаның шамамен 85-і әлеуметтік, экономикалық, экологиялық немесе импортты алмастыратын нәтиже берді.

Жүргізілген талдау нәтижелерін жалпылай отырып, іске асыруға ұсынылатын ғылыми өнім талап етілмейді және енгізілмейді, бұл ғылымды қажет ететін экономиканы құру мақсатына қол жеткізуге кедергі келтіреді. Ғылыми секторды мемлекеттік қаржыландыру мемлекеттің инновациялық әлеуетін дамытуға әкелмейді.

Бақылау органдары ғылыми-технологиялық жобаларға мемлекеттік қаражат салымдарының тиімділігі және ғылымның нақты экономика секторымен өзара іс-қимылының нәтижелілігі мәселелерін тұрақты негізде көтереді. Сөйтіп, бақылау іс-шаралары барысында ғылыми жобаларды қаржыландыруға (мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың төмен бағалауынан олардың одан әрі дамуын тоқтатуға) бағытталған бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану; ғылыми ұйымдардың ғылыми-техникалық жұмыстың жоғары деңгейін қамтамасыз ету және патентке өтінім беру міндеттемелерін орындамау, ғылыми-зерттеу тақырыптары бойынша алынған нәтижелерді енгізбеу фактілері жиі анықталады. [3]

Бұл ретте айта кететін жайт, ғылыми саланың даму серпінін толық талдауға және оның мемлекет экономикасына қосатын үлесін бағалауға мемлекеттің зияткерлік ресурстарының нақты құны туралы түсініктің болмауы кедергі келтіреді. Ғылыми жобаларға көп аспектілі талдау жүргізу, ғылыми қызмет нәтижелерін және олардың экономикаға қосатын үлесін бағалау үшін қазақстандық ғылымның даму нәтижелері туралы статистикалық деректердің тиісті жүйесі қажет.

Сондықтан мемлекеттік есепке алу, есептілік пен аудит стандарттарын жетілдіру және сәйке-

стендіру өзінің маңыздылығын жоғалтпайды.

Бүгінгі күні Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық саясаты іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін толық бағалау үшін халықаралық стандарттарға сәйкесетін және тиімділік аудитін қамти-

“ *Әдеттегідей, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері мыналар болып табылады: ғылыми жарияланымдар (мақала, монография, ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп); тәжірибелі үлгілер, интегралдық микросхеманың топологиялары; бағдарламалық қамтамасыз ету; ғылыми жаңалықтар; техникалық құжаттама. Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері (бұдан әрі – ФТҚН) патентпен, тіркеу туралы куәлікпен, өндірісті (ноу-хауды) құпия деп тану туралы бұйрықпен және т.б. қорғалуы мүмкін. Экономикалық тұрғыдан ФТҚН материалдық емес активтерді көбейтуге, лицензияларды сатуға әкелуі тиіс. Жалпы ғылыми, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық немесе импортты алмастыратын нәтиже ғылыми қызметтің салдары болып табылады.*

тын мемлекеттік аудит енгізілген. Тиімділікті бақылаудың тиімділік аудитінен басты ерекшелігі - ол бақылау объектісінің қаражатты тиімсіз пайдалану фактілерін анықтауға бағдарланған. Ал тиімділік аудиті болса, аудиттелетін саладағы қызмет нәтижелерінің мемлекет экономикасына әсерін бағалауды қоса алғанда, аудиттелетін объекті қызметінің тиімділігін (мәнін, процесті, проблеманы) кешенді бағалауға бағытталған. Аудиттің бақылаудан тұжырымдамалық өзгешелігі – ол іс-шаралар өткізу мақсатының әркелкілігін, яғни оның салдары ретінде тиісті әдіснаманы пайдалану қажеттілігін көздейді.

Тиімділік аудиті кезінде ау-

диторлық іс-шараларды сапалы және нәтижелі өткізу бойынша жалпы қағидалар мен ұсыныстар болады, бұл ретте ғылым саласының өз ерекшеліктері, нюанстары бар. Шет мемлекеттерде жоғары аудит органдары ғылым саласында тиімділік аудитін жүргізу бойынша өкілет-

тіктерді әрқалай жүзеге асырады. Бір мемлекеттерде қаржылық есептілік аудиті кезінде материалдық емес активтерге аудит жүргізіледі, екіншілері зияткерлік меншік объектілерінің пайдаланылуына, ал үшіншілері ғылыми зерттеулер жүргізуге бағытталған қаражаттың пайдаланылуына, сондай-ақ ғылыми бағдарламаларға әкімшілік ету жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметіне тиімділік аудитін жүргізеді.

Тиімділік аудитін ұйымдастыру мен жүргізу бойынша шетелдік тәжірибені талдау көрсеткендей, аудит жүргізу әдістемелері көпшілік мақұлдаған ИНТОСАИ халықаралық аудит стандарттарының ережелеріне негізделген.

Онда мемлекеттік аудитті дамытудың әлемдік тәжірибесі және ең үздік тенденциялар көрсетілгенін ескере отырып, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті қазақстандық рәсімдік стандарттарды әзірлеу кезінде ИНТОСАИ стандарттарының негізгі ережелерін қолданды. 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулымен Тиімділік аудитін жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты бекітілді, ал Есеп комитеті Төрағасының бұйрығымен – оны қолдану жөніндегі әдіснамалық басшылық. Олардың негізінде мақаланың авторлары келесі үш деңгейдегі ғылым саласының тиімділігіне аудит жүргізудің жекелеген әдіснамасын әзірледі: ғылыми-зерттеу жұмыстарының және ғылыми ұйымдардың, ғылым саласындағы мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау.

Ішкі және сыртқы ортаны талдауды, ғылыми жүйенің жұмыс істеу тиімділігін бағалауды қамтитын жүйелі тәсіл әдіснама-

ның негізі болып табылады. Сыртқы ортаны (саланы, нарықты, құқықтық ортаны) талдау кезінде ағымдағы стратегияға әсер ететін факторлар, мүмкіндіктер мен қауіптер, сондай-ақ олардың нәтижелілікке әсері зерделенеді. Ішкі ортаны (қаржы және есепке алу, қызметкерлер, ұйымдастырушылық мәдениет) талдау қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданылатын ішкі мүмкіндіктерді, әлеуетті бағалауға мүмкіндік береді.


Ғылыми жүйені бағалау проблемасы тиімділік аудиті кезінде негізгілердің бірі болып табылады және мынадай негізгі аспектілерде қаралуы мүмкін:

- ғылыми жобаларды орындауға бюджеттік өтінімдердің дәйектілігін бағалау;
- ғылыми қызмет нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін және сапасын бағалау;
- ғылыми қызметтің нәтижелілігін және оның мемлекет экономикасына әсерін бағалау;
- ғылыми қызметтің басқарылуын бағалау.

Ғылыми жүйенің тиімділігін бағалау жүйені құрайтын инсти-

туттардың аудитіне және жекелеген бизнес үдерістердің аудитіне негізделеді.

Бұл ретте ғылым мен ғылымды басқарудың айырмашылығын ескерген жөн. Ғылым саласындағы басқару бес құрылыммен жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасының Үкіметі, Жоғары ғылыми-техникалық комиссия, ұлттық ғылыми кеңестер, уәкілетті орган және салалық уәкілетті органдар, Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы. Сондай-ақ конкурстық іріктеуден өткен және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға шарт жасасқан түрлі аккредиттелген ғылыми ұйымдар ғылыми зерттеулерді (ғылымды) іске асырумен айналысады. Сәйкесінше, ғылымды басқару мен ғылыми қызмет іс-шаралардың немесе міндеттердің көптеген орындаушыларымен, белгіленген нәтижеге, сондай-ақ тікелей және түпкілікті қызмет нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған бизнес үдерістермен сипатталады.



2-схема. Ғылым саласындағы негізгі бизнес үдерістер

Ғылыми қызметтің ерекшелігі – ғылыми бағдарламаларды мемлекеттік қолдау аясында

шектеулі қаражат өтініш білдірушілер мен жобалар арасында бөлінеді. Осыған байланысты, ғылымға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу үнемділігін, тиімділігі мен нәтижелілігін (өнімділігін) бағалау үшін жекелеген ғылыми жобалардың нәтижелілігін талдау, зерттеу нәтижелерін және ғылыми жетістіктерді тәжірибеге енгізу дәрежесін бағалау қажеттілігі туындайды. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік аудитті жүзеге асыру кезінде жұмылдырылған еңбек, материалдық және қаржы ресурстарын оңтайлы пайдалану және өз қызметінің нәтижелілігін арттыру мақсатында мемлекеттік аудит органдары аудиторлық іс-шараларды ұйымдастыру кезінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қолданады. Осы тәсілге қосымша мемлекеттік аудиторларға ғылым саласына аудит жүргізуі кезінде жобалар тобын сапа көрсеткіштері бойынша сараптамалық бағалап, жалпылама бағаны қалыптастыра отырып, жобаларды ғылыми-техникалық міндеттер және бағыттар бойынша топтастыру ұсынылған.

Аудит кезінде проблемалардың бірі ғылыми жобалардың сапасын бағалау болып табылады. Сараптама үшін алынған жаңа білімді және оларды алу құнының барабарлығын бағалауға байланысты субъективтілік

“ *Мемлекеттің экономикасын үдемелі әртараптандыру және тұрақты дамыту үшін ғылымның нақты үлесін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанда ғылымды мемлекеттік қолдау бағдарламасы іске асырылады. Қазіргі уақытта үш негізгі қолдау бағыттарын атап көрсетуге болады, бұл нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, ғылым инфрақұрылымын жаңғырту, ғылыми қызметті қаржылық қамтамасыз ету болып табылады.* ”

пен тәуекелдердің жоғары дәрежесі тән. Аталмыш проблеманы шешу үшін сыртқы сарапшыларды тартудан басқа, жобаларға мыналардың негізінде бағалау жүргізу ұсынылады:

- шығыстардың көрсеткіштері, ұзақтығы, жұмылдырылған ресурстардың көлемі, болжалды нәтижелердің маңыздылығы бойынша ұқсас ғылыми жобалармен салыстырып қарау;
- жоба мақсаттарын іске асыру дәрежесін оған жұмсалған қаражатпен салыстырып қарау;
- өнімділік, нәтижелілік, үнемділік және тиімділік көрсеткіштері бойынша салыстырмалы талдау.

Нақты аудит объектілерінің және ғылыми жобалардың тиімділігін бағалау көрсеткіштері мен критерийлер жүйесін әзірлеу кезінде мемлекеттік аудиторлар ғылыми зерттеулерді сыныптаудағы, олардың бағы-

тындағы, мамандандырылуы мен нысаналы мақсатындағы айырмашылықтарды ескерген жөн. Сөйтіп, ғылыми жобаларды іске асыру кезінде тиімділік пен нәтижелілік жарияланымдық белсенділік (іргелі зерттеулер үшін), патенттік белсенділік (қолданбалы зерттеулер үшін), енгізілген ҒТҚН-ның саны және оларды енгізудің экономикалық әсері сияқты көрсеткіштермен өлшенуі мүмкін. Әдетте технологияларды дамыту бағытында күш салу өзге бағалау критерийлерін қажет етеді.

Осы және басқа да аудит мәселелері, тиімділікті бағалау көрсеткіштері мен критерийлері ғылыми қызметті қаржыландыруға және ғылымды дамытуға бағытталған бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу әдіснамасының негізін құрайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІ:

1. «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» стратегиясы, ҚР Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы // URL: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president?page=2
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия отырысының 2013 жылғы 22 маусымдағы хаттамасы
3. Пилоттық жоба негізінде тестіленген әдіснамалық басшылық әзірлей отырып, мемлекеттің зияткерлік активтерін қалыптастыруға және ғылымды дамытуға бағытталған бюджет қаражатының тиімділігіне аудит жүргізу мәселелерін зерттеу. – Зерттеу жұмысы. – Астана, 2016.



УДК 338.22

Кари А.М.

Научный консультант отдела
прикладных научных исследований
РГП «ЦИФН»

Кулмурзинова Г.А.

Научный консультант отдела
прикладных научных исследований
РГП «ЦИФН»

Особенности проведения аудита эффективности бюджетных средств, направленных на развитие науки

В статье рассматриваются методологические проблемы оценки эффективности научной деятельности и ее влияния на экономику Республики Казахстан. Авторами раскрывается специфичность проведения аудита эффективности средств, направленных на развитие науки. В статье даются предложения по формированию методологической базы, необходимой для полноценной реализации функций органов государственного аудита.

Ключевые слова: аудит эффективности, развитие науки, результаты научной деятельности.

«ҚБЗО» РМК

Features of the audit of efficiency budget aimed at the development of science

In the article the methodological problems of evaluating of scientific activity and its impact on the economy of the Republic of Kazakhstan are considered. The authors reveal the specificity of performance audit of funds allocated for the development of science. The article provides suggestions for the formation of the methodological framework necessary for the full implementation of the state audit organ functions.

Keywords: performance audit, development of science, results of scientific activity

В своем Послании народу Казахстана от 17 января 2014 года Глава государства в качестве одного из главных направлений развития нашего общества определил инновационное развитие и формирование новой модели наукоемкой экономики. В соответствии с таким подходом для создания новых высокотехнологических отраслей потребуются

увеличение инвестиций в науку до 3% ВВП к 2050 году.[1]

В целях обеспечения реального вклада науки для ускоренной диверсификации и устойчивого развития экономики страны в Казахстане реализуется программа государственной поддержки науки. В настоящее время можно выделить три основных направления поддержки – это совершенствование норма-

тивной правовой базы, модернизация инфраструктуры науки, финансовое обеспечение научной деятельности.

Согласно Закону РК «О науке» финансирование научной и (или) научно-технической деятельности из государственного бюджета осуществляется в следующих формах.



Схема 1. Формы финансирования

Рациональное использование бюджетных средств, выделяемых в рамках грантового и программно-целевого финансирования, обеспечивается распределением ресурсов между пятью приоритетами развития науки, одобренными на заседании Высшей научно-технической комиссии при Правительстве РК:

- рациональное использование природных ресурсов, переработка сырья и продукции,
 - наука о жизни,
 - интеллектуальный потенциал страны,
 - энергетика и машиностроение,
 - информационные и телекоммуникационные технологии.
- [2]

Научная деятельность осуществляется путем выполнения фундаментальных, прикладных исследований и опытно-конструкторских разработок. В свою очередь, по предмету исследования все научно-технические проекты реализуются по специализированным научным направлениям, таким как естественные, технические, общественные, гуманитарные науки.

Как правило, результатами научно-исследовательских работ

являются научные публикации (статьи, монографии, отчет о научно-исследовательской работе); опытные образцы, топологии интегральной микросхемы; программное обеспечение; научные открытия; техническая документация. Результаты научно-технической деятельности (далее – РНТД) могут быть защищены патентом, свидетельством о регистрации, приказом о признании секретом производства (ноу-хау) и т.д. В экономическом аспекте РНТД должны приводить к наращиванию нематериальных активов, продаже лицензий. В общей сложности, следствием научной деятельности является научный, социальный, экономический, экологический или импортозамещающий эффект.

Как следует из основных программных документов страны, цель науки в Казахстане, в большей степени, связана с обеспечением реального вклада науки в развитие экономики путем ускоренной диверсификации, создания наукоемких высокотехнологичных производств, ухода от сырьевой и технологической зависимости. Для этого все исследования, финансируемые за

счет средств государственного бюджета, вне зависимости от того, носят ли они прикладной или фундаментальный характер, должны приводить к увеличению инновационного потенциала страны, что предполагает, в числе прочего, обязательность создания объектов интеллектуальной собственности и их введение в экономический оборот.

Таким образом, эффективность использования бюджетных средств, направленных на развитие науки, следует определять, в первую очередь, результативностью научных исследований, проведенных в рамках грантового и программно-целевого финансирования. Одним из важнейших показателей результативности научных исследований и разработок является патентная активность, отражающая технические и технологические достижения в экономике страны.

Проведенный анализ практики государственной финансовой поддержки научной и (или) научно-технической деятельности свидетельствует о том, что научный сектор не продемонстрировал достаточную эффективность в решении поставленных задач,

о чем свидетельствуют данные, представленные в таблице.

Таблица 1 – Результативность научных проектов, реализованных в рамках грантового и программно-целевого финансирования, завершенных в 2015 году

Наименование источника финансирования, приоритетного направления	Завершено проектов		По результатам реализации получен объект интеллектуальной собственности		По результатам реализации не получен объект интеллектуальной собственности	
	Кол-во	Стоимость тыс. тенге	Кол-во	Стоимость тыс. тенге	Кол-во	Стоимость тыс. тенге
Грантовое финансирование	374	2 941 415	123	1 018 684	251	1 922 731
Рациональное использование природных ресурсов, переработка сырья и продукции	53	532 612	25	261 582	28	271 030
Науки о жизни	107	772 465	36	208 025	71	564 440
Энергетика и машиностроение	50	480 331	28	232 021	22	248 310
Информационные и телекоммуникационные технологии	30	288 036	11	96 036	19	192 000
Интеллектуальный потенциал страны	134	867 971	23	221 020	111	646 951
Программно-целевое финансирование	109	3 678 508	20	1 574 987	89	2 103 521
Всего по грантовому и программно-целевому финансированию	483	6 619 923	143	2 593 671	340	4 026 252

Источник: Министерство образования и науки РК

Всего в рамках грантового и программно-целевого финансирования в 2015 году завершено 483 научных проекта общей стоимостью 6,6 млрд. тенге. В том числе в рамках грантового финансирования завершено 374 проекта на сумму 2,9 млрд. тенге, в рамках программно-целевого финансирования 109 проектов на сумму 3,6 млрд. тенге. Доля высокоэффективных и среднеэффективных проектов в общем количестве научных исследований (проектов) составляет 90%.

Из них только по 143 научным проектам общей стоимостью 2,5 млрд. тенге результаты научных исследований привели к созданию объектов интеллектуальной собственности и увеличению интеллектуального капитала страны, в том числе в

рамках грантового финансирования – 123 проекта на сумму 1 млрд. тенге (34,6%), в рамках программно-целевого финансирования – 20 проектов на сумму 1,5 млрд. тенге (42%).

По 340 научным проектам стоимостью 4 млрд. тенге или более 60% случаев результаты исследований не привели к созданию объекта интеллектуальной собственности и, тем самым, не увеличили интеллектуальный капитал страны.

В целом, результативность научных исследований, завершенных в 2015 году, не превышает 40%.

В большей степени результативность научных исследований, и, соответственно, эффективность использования средств, направленных на проведение на-

учных исследований и развитие науки, определяется практическим применением результатов научных исследований.

Согласно проведенному анализу, в соответствии с договорами, заключенными между научными организациями (исполнителями) и государственными учреждениями (заказчиком), за период с 2011 по 2015 год в целом по республике реализован 2501 научный проект. Более 80% научных проектов и программ имеют положительное заключение государственной научно-технической экспертизы.

При этом наблюдается низкая результативность и применимость результатов научно-технической деятельности. Так, на основе 2501 зарегистрированного научного проекта получено все-

го 318 результатов научно-технической деятельности, из них востребовано Заказчиком 189. Полученная продукция представлена новыми технологиями, методами и способами, сортами сельскохозяйственных культур. Однако внедрено только 64 результата НИОКР. Из 2501 научного проекта порядка 85 имеют социальный, экономический, экологический или импортозамещающий эффект.

реальным сектором экономики. Так, в ходе контрольных мероприятий часто выявляются факты неэффективного использования бюджетных средств, направленных на финансирование научных проектов (прекращение их дальнейшей реализации из-за низких оценок государственной научно-технической экспертизы); не исполнения обязательств научными организациями по обеспечению высокого уровня

о результатах развития казахстанской науки.

Вследствие этого совершенствование и унификация стандартов государственного учета, отчетности и аудита не теряет своей актуальности.

В настоящее время в Казахстане для полноценной оценки деятельности государственных органов по реализации социально-экономической политики внедрен государственный аудит, соответствующий международным стандартам, и включающий аудит эффективности. Ключевое отличие контроля эффективности от аудита эффективности заключается в том, что контроль эффективности нацелен на выявление фактов неэффективного использования средств со стороны объекта контроля. В то время как аудит эффективности направлен на формирование комплексной оценки эффективности деятельности аудируемого объекта (предмета, процесса, проблемы), включая оценку влияния результатов деятельности в аудируемой сфере на экономику страны. Концептуальное отличие аудита от контроля предусматривает различие в целях проведения мероприятия и, как следствие, – необходимость использования соответствующей методологии.

При аудите эффективности существуют общие правила и рекомендации, как провести аудиторские мероприятия качественно и результативно, при этом в сфере науки существуют свои особенности, нюансы. В зарубежных странах высшие органы аудита по-разному реализуют полномочия по проведению аудита эффективности в сфере науки. В одних странах проводят аудит нематериальных активов в составе аудита финансовой отчетности, в других осуществляют аудит эффективности использования объектов интел-

“ При разработке системы показателей и критериев оценки эффективности конкретных объектов аудита и научных проектов, государственным аудиторам следует учитывать различия в классификации научных исследований, их направлений, специализации и целевом назначении. Так, при реализации научных проектов эффективность и результативность может быть измерена такими показателями, как публикационная активность (для фундаментальных исследований), патентная активность (для прикладных исследований), количество внедренных РНТД и экономический эффект от их внедрения. Усилия в направлении развития технологий, как правило, нуждаются в других критериях оценки. ”

Обобщая результаты проведенного анализа, можно отметить, что научная продукция, предлагаемая к реализации, не востребуется и не внедряется, что препятствует достижению цели по построению наукоемкой экономики. В целом, государственное финансирование научного сектора не приводит к развитию инновационного потенциала страны.

Контролирующими органами на постоянной основе поднимаются вопросы эффективности вложений государственных средств в научно-технологические проекты и результативности взаимодействия науки с

научно-технической работы и подачи заявок на патент, отсутствия внедрения полученных результатов по научно-исследовательским темам. [3]

Следует отметить, что проведению полноценного анализа динамики развития научной сферы и оценке ее вклада в экономику страны препятствует отсутствие представления о реальной стоимости интеллектуальных ресурсов страны. Для проведения многоаспектного анализа научных проектов, оценки результатов научной деятельности и их вклада в экономику знаний необходима соответствующая система статистических данных

лектуальной собственности, в третьих – аудит эффективности использования средств, направленных на проведение научных исследований, а также деятельности госорганов, связанной с администрированием научных программ.

Анализ зарубежного опыта организации и проведения аудита эффективности показывает, что методики проведения аудита основаны на положениях общепринятых международных стандартов аудита ИНТОСАИ. Учитывая, что в них отражен лучший мировой опыт и лучшие тенденции развития государственного аудита, Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета при разработке казахстанских процедурных стандартов имплементировал основные положения стандартов ИНТОСАИ. Нормативным постановлением от 31 марта 2016 года № 5-НҚ утвержден процедурный стандарт внешнего государственного аудита и финансового контроля по проведению аудита эффективности, а приказом Председателя Счетного комитета – методологическое руководство по его применению. На их основе авторами статьи разработана отдельная методология аудита эффективности научной сферы

по трем уровням: оценки эффективности и результативности научно-исследовательских работ и научных организаций, государственного управления в сфере науки.

Основу методологии составил системный подход, сочетающий в себе анализ внутренней и внешней среды, оценку эффективности функционирования научной системы. При анализе внешней среды (анализ отрасли, рынка, правовой среды) изучаются факторы, которые могут воздействовать на текущую стратегию, возможности и угрозы, а также их влияние на результативность. Анализ внутренней среды (финансы и учет, персонал, организационная культура) позволит оценить, какие внутренние возможности, потенциал используются для достижения поставленных целей.

Проблема оценки научной системы является одной из ключевых при аудите эффективности и может быть рассмотрена в следующих основных аспектах:

- оценка обоснованности бюджетных заявок на выполнение научных проектов;
- оценка степени достижения и качества результатов научной деятельности;
- оценка результативности научной деятельности и ее влия-

ния на экономику страны;

- оценка управления научной деятельностью.

Оценка эффективности научной системы базируется на аудите институтов, образующих систему, и аудите отдельных бизнес-процессов.

При этом следует иметь в виду различия между наукой и управлением наукой. Управлением в научной сфере занимаются пять структур: Правительство Республики Казахстан, Высшая научно-техническая комиссия, национальные научные советы, уполномоченный орган и отраслевые уполномоченные органы, Национальный центр государственной научно-технической экспертизы. Реализацией научных исследований (наукой) занимаются различные аккредитованные научные организации, прошедшие конкурсный отбор и заключившие договор на выполнение научно-исследовательских работ. Соответственно, управление наукой и научная деятельность характеризуются множеством различных исполнителей мероприятий или задач, бизнес-процессов, направленных на получение заданного результата, а также прямых и конечных результатов деятельности.



Схема 2. Основные бизнес-процессы в сфере науки

Специфика научной деятельности заключается в том, что в рамках государственной поддержки научных программ происходит распределение ограниченных финансовых средств между большим количеством заявителей и проектов. В этой связи, для оценки экономности, эффективности и результативности (продуктивности) использования бюджетных средств, выделенных на науку, возникает необходимость проведения анализа за результативности отдельных научных проектов, оценки результатов исследований и степени внедрения научных достижений в практику. В соответствии с Законом РК «О государственном аудите и финансовом контроле» в целях оптимального использования трудовых, материальных и финансовых ресурсов, задействованных при осуществлении государственного аудита, и повышения результативности своей деятельности органы государственного аудита при организации аудиторских мероприятий применяют риск-ориентированный подход. В дополнение к данному подходу, государственным

аудиторам при аудите научной сферы рекомендовано предусмотреть группировку проектов по научно-техническим задачам и направлениям с последующей экспертной оценкой групп проектов по показателям качества и формированием обобщенной оценки.

Одной из проблем при аудите является оценки качества научных проектов. Для экспертизы характерна высокая степень субъективности и рисков, связанных с оцениванием полученных новых знаний и адекватности стоимости их получения. Для решения данной проблемы, помимо привлечения внешних экспертов, предлагается проведение оценки проектов на основе:

- сопоставления с аналогичными научными проектами по показателям расходов, продолжительности, объему вовлеченных ресурсов, значимости ожидаемых результатов;
- сопоставление степени реализации целей проекта с затраченными на это средствами;
- сравнительного анализа по показателям продуктивности,

результативности, экономности и эффективности.

При разработке системы показателей и критериев оценки эффективности конкретных объектов аудита и научных проектов, государственным аудиторам следует учитывать различия в классификации научных исследований, их направлений, специализации и целевом назначении. Так, при реализации научных проектов эффективность и результативность может быть измерена такими показателями, как публикационная активность (для фундаментальных исследований), патентная активность (для прикладных исследований), количество внедренных РНТД и экономический эффект от их внедрения. Усилия в направлении развития технологий, как правило, нуждаются в других критериях оценки.

Эти и другие вопросы аудита, показатели и критерии оценки эффективности легли в основу методологии аудита эффективности использования бюджетных средств, направленных на финансирование научной деятельности и развитие науки.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Стратегия «Казахстанский путь - 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее, Послание Президента РК от 17 января 2014 года // URL: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president?page=2
2. Протокол заседания Высшей научно-технической комиссии при Правительстве Республики Казахстан от 22 июня 2013 года
3. Исследование вопросов проведения аудита эффективности бюджетных средств, направленных на формирование интеллектуальных активов государства и развитие науки с разработкой методологического руководства, протестированного на основе пилотного проекта. – Исследовательская работа. – Астана, 2016. – 219 с.

Е.А. Әубәкіров

«ҚБЗО» РМК Қолданбалы ғылыми
зерттеулер бөлімінің ғылыми
консультанты



С.А. Жамышева

«ҚБЗО» РМК Қолданбалы ғылыми
зерттеулер бөлімінің ғылыми
консультанты



Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышын жетілдіру мәселелері

«ҚБЗО» РМК

Бұл мақаланың мақсаты мемлекеттік аудиттің қағидаттары мен типтеріне жауап беретін бұзушылықтар сыныптауышының жаңа тәсілдерін айқындау, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтарды сыныптаудың шетелдік тәжірибесін қарау, қолданыстағы Бұзушылықтар сыныптауышын талдау болып табылады.

Түйінді сөздер: Бұзушылықтар сыныптауышы, экономикалық шығындар, залал, айрылып қалған пайда, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану.

Мемлекеттік қаржы ресурстарын басқару сапасын арттырудың тиімді құралдарын іздестіру мәселесі экономикалық даму деңгейіне, бюджет саясатының ерекшеліктеріне қарамастан, әлемнің көптеген мемлекеттері үшін өзекті болып табылады.

Мемлекеттің қаржы ресурстарын басқару элементтерінің бірі мемлекеттік

қаржылық бақылау жүйесі және оның тиісті құралдары, соның ішінде бюджеттік құқық бұзушылықтар үшін санкциялар болып табылады. Мемлекеттік органдардың қаржылық құқықтық қатынастардағы бұзушылықтар мен қылмыстарды болдырмау қабілетіне тікелей мемлекеттің қаржылық, сондай-ақ оның салдары ретінде экономикалық қауіпсіздігі байланысты. [1]

2016 жылғы зерттеулердің ая-

сында Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» РМК ұсыныстар әзірлей отырып, мемлекеттік аудитке көшу жағдайында мемлекеттік аудит объектілерінде анықталатын бұзушылықтарды сыныптау мен есепке алу мәселелері бойынша зерттеу жүргізді. Осы мақалада бұзушылықтарды сыныптаудың халықаралық тәжірибесі, Есеп комитеті өткізетін

бақылау іс-шараларының талдауы қаралып, қолданыстағы сыныптауышты жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалатын болады.

Қазіргі уақытта халықаралық тәжірибеде бюджетті атқару, мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін тиімді, нысаналы және дәйекті пайдалану кезінде жол берілетін бұзушылықтарды сыныптаудың бірыңғай тәсілі мен жалпы тенденциялары жоқ. ТМД-ның жоғары қаржылық бақылау органдарының (бұдан әрі - ЖКБО) жұмыс тәжірибесіне қарағанда шетелдік мемлекеттердің көпшілік ЖКБО-да «бұзушылық» термині қолданылмайды. Аса жиі қолданылатын терминдер «аудитті анықтау (бұзушылықтарды анықтау)» немесе «заңнаманы сақтамау» болып табылады. Әдеттегідей, бұзушылықтар сыныптауышы ЖКБО-ның жұмысында басты назарда болатын нәрсеге, яғни жалпы бюджеттің атқарылуын бақылауға, қаржылық есептілікті және тиімділікті бақылауға, сондай-ақ қандай да бір фактіні бұзушылықтар фактісіне жатқызу бойынша шешімдер шығару жөніндегі ЖКБО-ның өкілеттіктеріне және жол берілетін бұзушылықтарға санкция қолдану бойынша бақылауға байланысты [2].

Басқа мемлекеттерге қарағанда Ресейде бұзушылықтар сыртқы мемлекеттік аудит (бақылау) барысында анықталатын бұзушылықтар сыныптауышына топтастырылады [3].

Қазақстанда «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР Заңына сәйкес 2015 жылғы 28 қарашадағы № 6-НҚ-мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын Бұзушылықтар сыныптауышы (бұдан әрі – Сыныптауыш) бекітілді. Бақылаудың толықтығы және Есеп

комитетіне жүктелген функцияларға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін Сыныптауышта құқық нормаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нормалар, жауапкершілік түрлері қарастырылған, бұл бюджет заңнамасын әкімшілік және қылмыстық кодекстерге сәйкес келтіруге ықпал етеді [4] [5].

Бұдан басқа, бұл бюджетті және бюджеттен тыс қорларды

“

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңда тиімділік аудитінің 14 бағыты және сәйкестік аудитінің 12 бағыты қарастырылған. Әсіресе, Ұлттық қордың қалыптасуы мен пайдаланылуына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк активтерінің пайдаланылуына сәйкестік аудитін, мемлекеттік борыштың қалыптасуы мен басқарылуына аудит жүргізу көзделген. Сыныптауышта іс жүзінде осы аудит бағыттары бойынша нормативтік және құқықтық нормалардың кешенді талдауы қамтылмаған.

”

атқару және мемлекеттік меншікті иелену, бақылау органдарының ұйғарымдарын орындау кезінде заң талаптарын бұзғаны үшін мемлекеттік лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін нақтылау мен арттыруға, бюджет қаражатын қайтару тетігін және қамтамасыз етілмеген бюджет кредиттерін, қарыздарды бергені үшін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін бекітетін құқықтық нормаларды белгілеуге ықпал етеді.

Сыныптауышта залал түрлерін көрсете отырып, «залал» ұғымы қолданылған. Ресейде залал белгілі бір әдістеме бойынша, әсіресе нақты деректерді нормативтік құқықтық актілерде берілген нормалармен салыстыру негізінде айқындалады.

Шетелдік тәжірибеде «экономикалық шығындар» ұғымы қолданылады, бұл бюджет қаражатының нәтижесіз шығындары, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін жоғалту болып табылады. Біздің пікірімізше, бұл терминді бізде де қолдануға болады, ал залалды сот айқындайды.

Шетелдік тәжірибеде, әсіресе Ресейде бұзушылықтар кезінде айрылып қалған пайда айқында-

лады. Қолданыстағы сыныптауышта мұндай ұғым қолданылмайды. Айрылып қалған пайданы рәсімдік бұзушылықтар және бюджет қаражатын, сондай-ақ мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін тиімсіз пайдалану және басқару кезінде айқындаған жөн.

Жалпы шетелдік тәжірибені талдау негізінде мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. «Экономикалық шығындар» мағынасы «залал» ұғымына үйлеседі. Бұл ретте тікелей және жанама залал болады;

2. Қазақстанда мемлекеттік аудит жүргізу кезінде айрылып қалған пайданы есептеу қажет деп санаймыз;

3. Түрлі типті аудит (сәйкестік аудиті, қаржылық есептілік ау-

диті, тиімділік аудиті) жүргізу кезінде бұзушылықтар анықталады;

4. Қаралып отырған мемлекеттерде анықталатын бұзушылықтар барлық бұзушылық түрлері және ықпал ету шаралары көрсетілген жекелеген (бірыңғай) құжатпен ресімделмеген нақты заңның немесе қағиданың негізінде топтастырылады;

5. Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит объектілерінде анықталатын Бұзушылықтар сыныптаушының болуын және олардың есепке алынуын жөн деп санаймыз. Бұл ретте жою әдістерін жоққа шығаруды ұсынамыз.

Сондай-ақ Сыныптаушыты пайдалану тәжірибесі негізгі проблемаларға байланысты оны жетілдіру қажеттілігіне нұсқайды:

біріншіден, бірдей бұзушылықтарды рәсімдік және қаржылық ретінде сыныптауға болады, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелін жеткілікті дәрежеде жоққа шығармайды;

екіншіден, қаржылық бұзушылықтар міндетті өтеуге (қалпына келтіруге) жатады. Инвестициялық жобалардың ескіру немесе аяқталу (шарт қатынастарының аяқталу) мерзімінің өтуіне байланысты жою әдістері қаржылық бұзушылықтар үшін қолданылмайды.

Есеп комитеті өткізетін бақылау іс-шараларының талдауы бюджет қаражаты бойынша шығыстарды тиімсіз жоспарлау, бюджет, салық және кеден заңнамасының жетілмеуі, мемлекеттік сатып алу өткізу қағидаларының сақталуын әлсіз бақылау, мемлекет активтерін басқару кезінде тиімсіз менеджмент, төмен қаржылық тәртіп және жол берілген бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің болмауы салдарынан

болатын бұзушылықтардың жүйелілігін куәландырады.

Бұзушылықтарға жүргізілген талдау ұзақ мерзімді активтер мен күрделі салымдармен байланысты бұзушылықтардың 40%-дан асатынын көрсетті, әсіресе күрделі жөндеуге арналған шығыстар негізгі құралдар объектілерінің баланстық құнының ұлғаюына жатқызылмайды, аяқталмаған құрылыс объектілері негізгі құралдар ретінде кіріске жатқызылады.

Сыныптаушы қолданыстағы нормаларға, Бюджет кодексінің ережелеріне және оның заңға тәуелді актілеріне (Бюджет өтінімін жасау қағидаларына, Бюджетті атқару қағидаларына және тағы басқаларға), Салық және Кеден кодекстеріне, Еңбек кодексіне, Мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік мүлік туралы заңдарға және т.б. сәйкес құрылған. Мұнымен қоса, сыныптаушыта Бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау, жетекшілік ететін салаларда, ортада, өңірде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және оларды іске асыру тиімділігін бағалау әдістемелерінің, сондай-ақ Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау қағидаларының және т.б. жекелеген нормалары, көрсеткіштері қолданылмаған.

Бюджет кодексінде мемлекеттік аудитте пайдаланылуға тиісті жаңа ережелер регламенттелген. Әсіресе, бюджеттік бағдарламаларды тиімсіз орындау, нәтижелердің көрсеткіштері – мемлекеттік органдардың қызметін сипаттайтын нысаналы индикаторлардың, тікелей және жанама нәтижелердің жиынтығы. Бұдан басқа, Бюджет кодексінің «Нәтижелерді бағалау» 113-бабында нәтижелерді бағалау стратегиялық жоспар мен бюджеттік бағдарламалардың іске

асырылуын бағалау негізінде мемлекеттік орган қызметінің мемлекет, өңір экономикасының дамуына тигізетін әсерін кешенді бағалау ретінде көзделген. Сыныптаушы мұндай бағалауға бағдарланбаған.

Осыған байланысты, мыналар бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану болып табылады:

- жоспарланған қаражат көлемін пайдалану кезінде белгіленген нәтижеге (көлемі және (немесе) сапасы бойынша) қол жеткізбеу;

- нәтижеге көп шығынмен қол жеткізу;

- қаражаттың тиімсіз пайдаланылуын көздейтін олардың бүркеме шығысы.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңда тиімділік аудитінің 14 бағыты және сәйкестік аудитінің 12 бағыты қарастырылған. Әсіресе, Ұлттық қордың қалыптасуы мен пайдаланылуына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк активтерінің пайдаланылуына сәйкестік аудитін, мемлекеттік борыштың қалыптасуы мен басқарылуына аудит жүргізу көзделген. Сыныптаушыта іс жүзінде осы аудит бағыттары бойынша нормативтік және құқықтық нормалардың кешенді талдауы қамтылмаған.

Қазіргі уақытта бюджет қаражаты, Ұлттық қордың және Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорының қаражаты есебінен шаруашылық жүргізуші субъектілерді, шағын және орта бизнесті және өңірлерді қолдаудың түрлі жаңа тетіктері қолданылады. Сөйтіп, әкімдіктер «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ нақты сатып алушысы үшін ұлттық валютада облигациялар шығарады. Әкімдіктердің бағалы қағаздарды шығаруы «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында кредиттік және жалдамалы тұрғын үй

құрылысына қаражат тарту мақсатында жүзеге асырылады. Бұл мақсаттарға «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ арқылы бюджеттен ақшалай қаражат бөлінген.

Экспортқа дейінгі және экспорттық қаржыландыруды ынталандыру үшін Ұлттық қордың қаражаты көзделген. Осы қаражатты Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорының қаражатымен «микширлеу» есебінен тетік әзірленіп, әлеуетті экспорттық операциялардың тізбесі қалыптасты. Бұл жаңа тетіктер зерделеу мен бағалауды талап етеді, себебі бюджет қаражаты пайдаланылады.

Көрсетілген фактілер Сыныптауышты айтарлықтай пысықтау қажет екендігін куәландырады.

Осылайша, бұзушылықтарды барынша толық қамту үшін Сыныптауышта мыналарды жүзеге асыру ұсынылады:

1. Келесі бөлімдерді толықтыру:

1-бөлім. Қаражаттың бюджетке түсуі кезіндегі заңнама

бұзушылықтары, әсіресе салық жеңілдіктері мен артықшылықтары, ҚҚС бойынша дебеттік сальдо мәселелері бойынша және залалды (экономикалық шығындарды), айрылып қалған пайданы айқындау әдістемесін ұсына отырып басқа да;

3-бөлім. 1) Мемлекет активтерін, квазимемлекеттік сектор субъектілерін басқару мен пайдалану кезіндегі заңнама бұзушылықтары, қаржы активтері, материалдық емес активтер, зияткерлік меншік, сондай-ақ гранттық, нысаналықаржыландыру аясында жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне сараптама жүргізу мәселелері жөніндегі кіші бөлімдермен толықтыру.

2. Жекелеген тарауларда Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру мен пайдалану мәселелерін қарау.

3. Жекелеген бөлімде мемлекеттік борышты және квазимемлекеттік сектор борышын қалып-

тастыру мен пайдалану мәселелерін қарау.

4. Жекелеген бөлімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің активтерін пайдалану мәселелерін ресімдеу.

5. Айрылып қалған пайданы айқындай отырып, тікелей және жанама нәтижелердің қол жеткізілмеуіне әсер еткен рәсімдік бұзушылықтарды құндық шамада көрсету.

7. Жекелеген бөлімде экономикалық шығынды және айрылып қалған пайданы айқындай отырып, бюджет қаражатын және мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану мәселелерін қарау.

